**«ЖББ Шахта мектебі» КММ 2021-2022 оқу жылы бойынша**
**тәрбие жұмысының есебі**

| *Р/с* | *Шара атауы* | *Шара туралы* | *Сілтеме* | *Фото* |
|---|---|---|---|---|
| **Қазақстандық патриотизм және тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты** | | | | |
| | Алғашқы қоңырау «Кел, балалар оқылық»<br><br>1қыркүйек – Білім күні<br><br>«Тәуелсіздік жетістіктері» | 1 қыркүйек күні елімізде алғашқы қоңырау «Кел, балалар оқылық», бастауыш сыныптар үшін, «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында жоғары сыныптар өз кабинеттерінде білім күні сабақтары өткізілді. Мектеп директоры Ж.Утебаева ата-аналар мен оқушыларды құттықтап, 1-сыныпқа келген оқушылар өз тақпақтарымен, өлең жолдарын жолдады. Сонымен бірге әр сыныпта танысытыру сабақтары қоса өтті. Таныстыру сабағында оқушыларға:<br>- Мектептің ішкі тәртіп ережелері;<br>- «Білім беру ұйымдары оқушыларының Кодексі»<br>- Оқушылардың мектептегі құқықтары туралы түсіндірілді. | https://shahta.edu.kz/kz/zhanalyktar/iswara?title=%22kel_balalar,okyilyik_%22attyi_saltanattyi_jiyinyi_440 | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Құқықтық сана –қауымға пана» жобасы аясында білім алушыларды құқық қорғау органдарының қызметімен таныстыру, ҚР Зандарын түсірдіру<br><br>«Бала құқығы – адам құқығы» | Шахта мектебінде 20 қазан – 20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында айлық өткізу жоспарланып, іс-шаралар жоспары жасақталды. Жоспарға сай шаралар өткізілді. Мектепте «ҚР балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде балалар өкілдігі» құрылды. Өкілдік құрамына 5 оқушы сайланды.<br>Қазақстандағы Дүниежүзілік балаларды қорғау күні туралы оқушыларға түсінік берілді. Күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында «Құқықтық сана-қоғамға пана!» жобасы аясында іс-шаралар жоспары жасақталып, білім алушыларды құқық қорғау органдарының адамдарымен кездесу өткізілді. (8-11 сыныптар). Сонымен бірге, айлық барысында «Түнгі ауылдағы балалар» атты рейд ұйымдастырылып, оқушылардың түнгі мезгілдегі жүрісі бақыланды. | https://shahta.edu.kz/kz/zhanalyktar/iswara?title=%22byizdyin_densaulyigyimyiz-_oz_kolyimyizda%22_169 | <br> |
| | «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» | 9-20 қараша аралығында өтетін «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өткізілді. «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында эссе байқауын ұйымдастырылып, үздік 2 эссе ауданға жолданды. «Түнгі ауылдағы балалар» атты рейд ұйымдастырылып, рейдке мектеп инспекторы және мектеп мұғалімдері тартылды. Өмірдің қиын жағдайына тап болған ата-аналар қауымы мен балаларға психологиялық қолдау көрсету бағытында «Ашық есік» күнін ұйымдастырылды. Мектебімізде қиын жағдайға тап болған ата-ана мен оқушылар болмағанымен, психологпен кездесуге | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1174344572962074&id=100011596277758 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жекелеген ата-аналар келді. Жоғарғы сынып оқушылары «Біз өз проблемаларымыз туралы» сынып сағаттарын өткізіліп, қоғамдағы зорлық-зомбылыққа байланысты өзекті мәселелерді талқылады. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына сурет салғызу шарасы ұйымдастырылды. Шараға 15 оқушы қатысты. Шара барысында оқушылар зорлық-зомбылықсыз балалық шақты қалай түсінетіндіктерін суретпен бейнелеп, өз ойларын жеткізді. Сынып жетекшілер және Нұрдаулетова Л. | |  |
| | «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы. | ЖББ Шахта мектебінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушылар қабылдау салтанаты өтті. «Жас Ұлан» ұйымына 20 оқушы, «Жас Қыран» ұйымына 12 оқушы қабылданды. Оқушыларға төс белгі мен галстук тағылып, мүшелікке өтті. Ұйымға қабылданған оқушыларға сабақта алғыр, зерек, үлгілі болуға тілек айтты. | https://www.instagram.com/p/CXbLSnrNhdY/?igsh=MWcxd2xzN2NpM3hnZw==  |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | Жолда жүру ережелерін сақтау бойынша «Абайлаңыз, балалар!» | «Абайлаңыз, балалар!» атты іс-шара барысында оқушылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 5 сынып оқушыларына «Жол ережесін сақтайық!» атты жедел профилактикалық іс-шара жұмыстары жүргізілді.Оқушыларға жол қауіпсіздігі, бағдаршам түстерінің қызметі, автобусқа міну,автобуста отыру ережелері туралы түсінік берілді. ЖББ Шахта мектебінде жолда жүру ережелеррі жөнінде ақпараттандыру мақсатында аға тәлімгер Қуан А.Е. ұйымдастыруымен және «Өзін-өзі басқару ұйымының»<br>тәртіп фракция көшбасшысы, «Жас инспектор» көмекшілерінің қатысуымен «Қоғамдық тәртіп. Көше және біз. Абайлаңыз, балалар!» тақырыбында жедел- профилактикалық түсінік жұмыстары жүргізіліп, жол қозғалысы ережелерін зерделеу үшін жасақталған бұрышты көрсетті.<br><br>Іс-шара мақсаты: оқушылардың жол ережелерін, бағдаршам туралы білімдерін толықтыру, іс-жүзінде асыра білуге үйрету. Жолда жүру ережелерін ойда сақтау білуге, тәртіптілікке, көшеде сақ болуға, өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. | https://www.instagram.com/p/CTl86mkt2ih/?igsh=MXgzM2VrY2dmZmJ4aA== | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |  |
| | "Қазақстан балалары – күзгі каникулда!" | Мектебімізде оқушылардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдыстыру мақсатында "Қазақстан балалары – күзгі каникулда!" тақырыбында іс-шаралар жоспары жасақталды. Жоспарға сай бастауыш сыныптар арасында «Қазақстан – менің Отаным», «Менің құқығым» тақырыптарында сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 6 оқушы қатысты. Байқау нәтижесі анықталып, оқушылар дипломдармен марапатталды. 5-сынып оқушылары (14 оқушы) арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітаптар әлемінде» тақырыбында кітап оқу сағаттары ұйымдастырылды. Шараның мақсаты оқушыларды кітап оқуға баулу болатын. Шара барысында оқушылар үйлеріндегі бар кітаптарын оқып, түсінгендерін айтып берді. 6-сынып оқушылары (9 оқушы) «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында бейнеролик түсіріп, демалыс кезінде спортпен қалай шұғылданатындарын көрсетті. 8,9-сыныптар арасында «Мейірімділік - жүрегімізде» челленджі ұйымдастырылды. Оның негізгі мақсаты – балаларға, отбасына, туыстары мен достарына, көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын беру. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Q5xXLxVUWL2rdZRSLqDmPTvUkUrYEKi9fFUvQvksYTavsKMtq5MWLfSXWRLKTvk9l&id=100011596277758 |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні | 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы сенімі – ел сенімі» мектеп кітапханасында көрме ұйымдастырылды. Мектеп кітапханашысы А.Жамиева көрмемен 1-сынып оқушыларын таныстырып, Елбасы туралы мағлұматтар берді. Бүлдіршіндердің патриоттық сезімін ояту мақсатында Елбасы, Отан туралы тақпақтар айтқызып, әлеуметтік желіге жолданды. 1-сыныптар «Елін сүйген Елбасы» сынып сағатын өткізілді. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0xDQWPUktdXT9vp2hQnnRiTS1pZm2yx6eAKeM6ire2WAMKjYWFCfeXNQaSn5YoDskl&id=100011596277758 |  |
| | 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні<br><br>Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» | 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздіктің ақ таңы» атты тақырыбында апталықтар, ашық тәрбие сағаттар, сынып сағаттар өткізілді. Мектеп кітапханасында «Еліміздің еркіндігі - Тәуелсіздік» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. 16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Мәңгілік Ел», «Тәуелсіздік – ақ таңы» тақырыптарында 2-11 сыныптарда сынып сағаттары мен тәрбие сағаттары өткізілді. Музыка пәні мұғалімінің жетекшілігімен «Тәуелсіз елдің - тірегі» тақырыбында оқушылар патриоттық әндер орындады. 1-4 сыныптар және 5-8 сыныптар арасында «Тәуелсізбін деп жырлайды жүрегім» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқауға 14 оқушы қатысты.<br>Тәуелсіздік мерекесіне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Тәуелсіздік күніне орай ұжым арасында салтанатты жиын және ұстаздарды марапаттау рәсімі өткізілді. Шара барысында мектеп директорының, аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының және | <iframe src="https://www.facebook.com/plugins/post.php?href=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fpermalink.php%3Fstory_fbid%3Dpfbid02qQXZge7SfvWwCZbDbzvyAtEjY99SNjvc6pZEdabucPiGsTEZBjcfYoanerKPh6iyl%26id%3D100011596277758&show_text=true&width=500" width="500" height="250" style="border:none;overflow:hidden" scrolling="no" frameborder="0" allowfullscreen="true" allow="autoplay; clipboard-write; encrypted-media; picture-in-picture; web-share"></iframe> | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Білім және Ғылым министрлігінің марапаттары берілді. | |  |
| | «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы | Мектептегі «Адал ұрпақ» ұйымы оқушылары «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында 6-8 сыныптар арасында сурет салу байқауы өтті Мақсаты : оқушылар бойына адалдықты ұялату. Қатысқан оқушылар саны: 27. Жетекшісі Г.Избенова. | |     |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Ауғанның отты жылдары» ауған соғысы ардагерлерімен кездесу | 8ә сыныбында «Ауғанның отты жылдары» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.<br>Мақсаты: Ауған соғысының ардагерлерін құрметтеу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал ету, оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу | https://www.instagram.com/p/CaH-2aJNJLd/?igsh=MWVtYmxiMGc4dzh1aw== |  |
| | «Бірлігіміз жарасқан» | 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан!» атты 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығын ұлықтау, еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.<br><br>«Қамқорлық», «Адамдарға қуаныш сыйла!» қамқорлық акциялары өткізілді. | <iframe src="https://www.facebook.com/plugins/post.php?href=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fpermalink.php%3Fstory_fbid%3Dpfbid02cYx5H2Y4hBMoykvjyRq3qg11h4rwd91S8U4vz5oWy4N61ZF5JCowB5KhbrP4rev4l%26id%3D100011596277758&show_text=true&width=500" width="500" height="0" style="border:none;overflow:hidden" scrolling="no" frameborder="0" allowfullscreen="true" allow="autoplay; clipboard-write; encrypted-media; picture-in-picture; web-share"></iframe> |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Діни экстремизмнің алдын алу» | ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылдың 12 мамыр күні Жалпы білім беретін Шахта мектебінде терроризмнің алдын алуда төтенше жағдайлар кезінде білім ошағынан адамдарды эвакуациялау мақсатында оқу-жаттығу өткізілді.Оқу жаттығуына мектеп оқушыларымен мұғалімдер және кіші қызметкерлер түгелдей қатыстырылып түсінік жұмыстары жүргізілді. | <iframe src="https://www.facebook.com/plugins/post.php?href=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fpermalink.php%3Fstory_fbid%3Dpfbid02kuJC1rnY1mSU3is8Hnkww3XtzWQEeenypxi6zv6LQky5oNrFJc5TRxmmCwc5LJLul%26id%3D100011596277758&show_text=true&width=500" width="500" height="742" style="border:none;overflow:hidden" scrolling="no" frameborder="0" allowfullscreen="true" allow="autoplay; clipboard-write; encrypted-media; picture-in-picture; web-share"></iframe> |   |
| | 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні<br><br>«Ұланымыз – ұлы елімнің» | Мектебімізде 7 мамыр –Отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында оқушылар ұжымдағы ер азаматтарды құттықтап, мерекелік шара ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер сыныпта сынып сағаттарын өткізді. «Ұланымыз ұлы елімнің» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 8-сыныптар арасында патриоттық әндер байқауы өткізілді. | https://www.instagram.com/p/COqjQQih2_b/?igsh=MTc4MmM1YmI2Ng== |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |  |
| | 9 мамыр – Жеңіс күні «Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы жеңіс» | “9 мамыр - Жеңіс күні” мерекесіне орай 5.05.2023ж. 5-10 сыныптар аралығында «Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы жеңіс» тақырыбында патриоттық әндер байқауы болып өтті. Байқауда 5-10 сынып оқушылары бақ сынады.<br>Байқау нәтижесі бойынша 7 “Б” сыныбы Исенғали Рысбек I орынмен, 8 “Ә” сыныбы Туралі Гүлназым II орынмен, 6 “Б” сыныбы Есболатұлы Әділхан III орынмен марапатталды.<br>Мақсаты<br>Оқушыларға патриоттық тәрбие беру.Өз елін, жерін, Отанын сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу. Патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру | <iframe src="https://www.facebook.com/plugins/post.php?href=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fpermalink.php%3Fstory_fbid%3Dpfbid02cYx5H2Y4hBMoykvjyRq3qg11h4rwd91S8U4vz5oWy4N61ZF5JCowB5KhbrP4rev4l%26id%3D100011596277758&show_text=true&width=500" width="500" height="250" style="border:none;overflow:hidden" scrolling="no" frameborder="0" allowfullscreen="true" allow="autoplay; clipboard-write; encrypted-media; picture-in-picture; web-share"></iframe> | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Бірлік сабақтары» (сынып сағаттары) | Мектебімізде 19-20.04.2022ж. күндері Мектеп парламенті «Өзін –өзі басқару ұйымы» ұйымдастыруымен 4-9 сыныптар арасында өскелең ұрпақты патриотизге, жоғары мәдени адамгершілік, тарихи –мәдениетті құрметтеуге байланысты «Бірлік сабақтары» өткізілді. Мақсаты: Қазақстандағы бейбітшілік пен келісімді нығайту. | https://www.instagram.com/p/CcnPiQft--Z/?igshid=MDJmNzVkMjY= |  |
| | **Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты** | | | |
| | «Еңбек түбі - береке» | Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Адамдарға қуаныш сыйла» қамқорлық акциялары өтті. 5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдер күні «Мәңгілік ел-Мәңгілік тіл» сынып сағаттары өтті. Еңбек күніне орай «Еңбек түбі - береке» атты сынып сағаттары, бастауыш сынып сағаттары арасында сурет салу сағаттары ұйымдастырылды. | https://www.instagram.com/reel/CxsUeYsthe4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng |   |
| | Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл «Жүз жасаған бәйтерек!» | Сыныптарда «Жүз жасаған бәйтерек!» атты тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушылардың жүз жасаған жыр алыбы туралы түсініктерін кеңейту. Өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Жамбыл өлеңдері арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, қазақ тіліне деген, өз еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. | https://www.instagram.com/p/CZ4cWDkt_Rz/?igsh=N2k0ZWs2dnRmYTBm |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1 –қазан «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» | 1 –қазан «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Даналық - дариясы» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Аталған тақырыптағы аудандық эссе байқауына оқушылар қатыстырылды. | https://www.instagram.com/reel/CpQRn2iOaQ4/?igshid=YmMyMTA2M2Y= |   |
| | Ұстаздар күні<br><br>«Ұстаз аты биік , әрі мәңгілік» | Ұстаздар күніне сынып сағаттары өткізілді. Сондай-ақ, «Менің сүйікті ұстазым» тақырыбында өлең шумақтарын, видеороликтер дайындау, «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» іс- шаралар ұйымдастырылды. Шетелде жүрген түлектердің, ата-аналардың құттықтаулары мектептің әлеуметтік парақшаларына жарияланды. Кәсіби мереке қарсаңында жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, әрі өнегелі тәлім-тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаздарға және кеш қонақтары – ардагер ұстаздарымызға мектеп басшысының «Алғысы» мен ақшалай сертификаттар табысталды. Сонымен қатар,кеш үстінде өткен оқу жылын үлкен табыспен аяқтап, сыныбынан екі «Алтын белгі», бес «Үздік аттестат» иегері шыққан, ҰБТ қорытындысы бойынша аудан бойынша алдан көрініп, барлық шәкірттері грант иегері атанған сынып жетекші,қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Усенбаева Гулзипаға үлкен жетістіктері үшін тосын сый жасалып,Стамбул қаласына жолдама табыс етілді. Ал аға буын атанып жүрген ардақты ұстаздар тобына Н.Жантөрин атындағы драма театрында өтетін қазақтың тұңғыш бард ақыны Т.Досымовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Биіктік» қойылымына шақыру билеттері тарту етілді. Ерекше құрмет пен тосын сыйларға ие болып, | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02bN89jXWtQEfbrpP8xbz5FS1fy |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мерейі өскен ұстаздар мерекелік көңіл –күй сыйлаған мектеп ұжымына және Стамбул қаласына жолдама алуға демеушілік еткен мектебіміздің түлегі, кәсіпкер Иса Бимырзаевқа ыстық ықыласы мен алғыстарын білдірді. Салтанатты кеш соңы мерекелік концертке жалғасып, ұстаздар қауымы мектебіміздің жас мамандары мен 11-сынып оқушыларының өнерін тамашалады. | | |
| | Ы. Алтынсариннің туғанына – 180 жыл «Даланың дара ұстазы – Ыбырай Алтынсарин!» | 28.09.2021 жыл 4 «А» сыныбында Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың дара ұстазы» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: жас ұрпақты Ы. Алтынсарин өмірімен, шығармашылығымен таныстыра отырып, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, имандылыққа тәрбиелеу. Ұлы тұлғаны есте сақтауға, құрметтеуге, оның ұлы мұрасын үлгі етуге баулу.Тәрбие сағатында оқушылар Ы. Алтынсарин өмірімен танысып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Малды пайдаға жарату» әңгімелерінен қойылым көрсетті. Тәрбие сағаты соңында оқушылар ұстаздарды мерекесімен құттықтап, тілектерін білдіріп, ән-шашуын арнады. | https://www.instagram.com/p/CUajseRNLtn/?igsh=eDN1aG11c2dtbXh1 |   |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ахмет Байтұрсынұлына – 155 жыл. «Ұлттың ұлы ұстазы!» | Тақырыбы: «Ұлттың Алаш ардақтысы» Мақсаты: А. Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу мақсатында 8 «Ә» сынып оқушыларымен сынып сағаты болып өтті. | https://www.instagram.com/p/CaIB-dPNNY0/?igsh=MWNhdmtyd2FoazVwNg== |     |
| | «Ғажайып сырға толы – үйірме» көктемгі каникул | «Зерде» ғылыми жұмыстарға дайындау жолдары , әдіс-тәсілдері түсіндіріліп, болашақ ғалым дайындаудың жолдары түсіндірілді. Жетекшісі : Каниева О. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0XLJa1RgyA2n7Yx8jeqiKXUykgAmNnQKjJwKCSv8q1pjiFpqk6pkXN6nJnfwtDVwwl&id=100011596277758 |   |
| | «Кітап-өмір ұстазы» | «Кітап-өмір ұстазы» (дөңгелек үстел) 4-5 сыныптар арасында мектеп кітапханасында өткізілді. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02VvQ3UrDYKgGyihtEgXzFu1xX51VJpfeeUar9wrcBwtfBYhkUjmHUvRKuSmJGZ7jil&id=100011596277758 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы | 28.03.22. күні «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін 4 сыныптар арасында оқып, талдап, мектеп кітапхнасында сайыс сабағы өтті. Сынып жетекшілер: Б.Жұмабек. Қ.Шамшадиева. Кітапханашылар: А.Жамиева мен Р.Есбосынова | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0xDQWPUktdXT9vp2hQnnRiTS1pZm2yx6eAKeM6ire2WAMKjYWFCfeXNQaSn5YoDskl&id=100011596277758 |  |
| | «Жақсылық жасап жарысайықшы» | 8 ақпан 5-11 сыныптар арасында «Мейірімді жүректер ынтымақтастығы» атты жәрмеңке ұйымдастырылды. Оқушылар қолдан пісірілген тәттілерін әкеліп қол жетімді бағада сатып, түскен қаражатты мүжәлсіз отбасы балаларына табыстады. Сонымен бірге «Сүйіспеншілік пен мейірімге толы сәт» деген атпен шардың ішіне жасырылған қызықты сұрақтарға оқушылар таласа шарды жарып жауаптарын айтты | https://www.facebook.com/100011596277758/videos/815934032939299/ |  |
| | «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал!» (әкіммен, мамандармен кездесу) | Сәуір айында мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларымен , Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап , бірін ал !» атты әкім , мамандық иелерімен кездесу өтті. Мақсаты: мектеп түлектерінің болашақта өз мамандығын дұрыс таңдай білуіне бағыт беру. | https://www.instagram.com/p/CdiBdfKu0R8/?igshid=MDJmNzVkMjY= |  |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұлттық тәрбие бағыты** | | | | |
| | | | | |
| | **5** қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдер күні<br><br>«Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл» | «Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл » тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.<br>Мерекелік апталық шараның шымылдығын үш тілде білім беріп жүрген мұғалімдеріміз Ш.Смаханұлы, Ә.Тыналиевтің «Ана тілі» әсем әнімен ашты.Одан әрі оқушылар үш тілде ақын-жазушылардың өлеңдерін мәнерлеп оқып, ән шырқап, ағылшын пәні мұғалімдері тіл ұстарту мақсатында ойын ұйымдастырды. 11-сынып ұлдары Р. Куанышкали, Ә.Мэлсбекұлы, Б. Аманғалиұлы А. Байтұрсынұлы, Ғ. Караш, Б. Момышұлының тіл туралы тағылымды толғамдарымен шараны қорытындылады.<br>Шараға 9-10-11 сынып оқушылары белсенді қатысты.<br>Қатысқан оқушылар саны -33.<br>Жетекшісі : Г.Карабасова .Г.Үсенбаева | https://www.instagram.com/p/CTl8el7tiDE/?igsh=MTRuamtqeXBzNDd0dA== |  <br>  |
| | «Қыз қылығымен көрікті»<br><br>«Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» қыздармен жұмыс. | «Қыз қылығымен көрікті», «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» қыздармен жұмыс жасалды мектеп психологы, медбике жұмыстары болды. Мақсаты: Қыздардың тазалығы, тәрбиесі , тәртібі, жүріс – тұрысы туралы әңгімелеу. 9-11 сынып қыз балалары өздерінің көкейінде жүрген көптеген сауалданын қойып, жауаптарын алды. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02bN89jXWtQEfbrpP8xbz5FS1fyrrrMMBSDYTtYoPL6nj98FcAM26BLMmg5yMRReQal&id=100011596277758 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |  |
| | «Ар-намыс – ажарыңның пердесі» | «Ар-намыс – ажарыңның пердесі» тақырыбында 5-11 сынып қыздарымен қыздар төрайымы М. Абдирова мен Г.Тлепова, мектеп медбикесі Қ. Толекбаева ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. Қыздар өз ойларын ортаға салып , өздерін мазалап жүрген сұрақтарға жауап тапты. Қыздарға гигиена талаптарын орындау, бойларын, шаштарын таза ұстау керектігі айтылды. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02QhEKP1S5LBaXTeQVGNeSLNStt2Bo8TYQdgmN75ZBoAeZFVCgGExkANoR1hoJEnusl&id=100011596277775 |  |
| | «Дәстүр мен ғұрып» | «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында діни экстремизм мен терроризмге қарсы теріс діни ағымның алдын алу мақсатында «Жас өркен, жат ағымнан сақтан», «Жастарды алдаған жат ағым»тақырыптарында бейнероликтер көрсетіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға жат ағымнан сақтану мен оның алдын алу жолдары айтылды.Бейнероликті 5-сыныптан (12 оқушы), 6-сыныпта (15 оқушы), 7-сыныпта (14 оқушы), 8-сыныпта (13 оқушы), 9-сыныпта (14 оқушы), 10-сыныпта (12 оқушы) – барлығы 80 оқушы көрді. «Имандылық дегеніміз не?» тақырыбында дәріс, «Дін – ғылымның атасы» тақырыбында сынып сағаты, «Имандылық – инабаттылық айнасы» | https://www.instagram.com/tv/CYoOI6xoBSX/?utm_medium=copy_link |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тақырыбында тәрбиелік әңгіме, «Дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер» тақырыбында дәріс, «Әсерлі әңгіме» дін, тіл, ұлт туралы аңыз әңгімелер, «Ата-баба дәстүрінен ауытқымайық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. | | |
| | «Қолөнер – сырлы өнер»<br><br>«Салт-дәстүрлер керуені» | «Қолөнер – сырлы өнер», Салт-дәстүрлер керуені» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында қолөнер байқауы өтті. Шеберлік сынып сағаттары өткізілді.<br>Жетекшілері : Ештаева С, Утепкалиева Ж<br>Қатысқан оқушылар саны -28<br><br>Мақсаты : Оқушылардың қолөнер бұйымдарына деген қызығушылығын арттыра отыра, тоқуға, тігуге, қолөнеріне баули отыра, жасалу жолдарына мән беріп , үйрету. | https://www.instagram.com/tv/CYmJMk8I_Qv/?utm_medium=copy_link | <br> |
| | «Алғыс айту парызымыз» шаралар өткізілді.<br><br>«Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту» (тренинг) | Шара мақсаты: Өскелең жас ұрпақты үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге баулу. Оқушыларға ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру. Треннинг барысында оқушылар жылы жүзбен амандасудың өзі адамдар арасындағы жақсы қатынасты қалыптастыратынын түсінді. Алғыс сөздері адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден бір амалы екенін ұғынды.<br>Сынып жетекшісі:<br>Бекмағанбетова Б. | https://www.instagram.com/p/CapAyDytm_i/?igshid=MDJmNzVkMjY= |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Нарембаева С | | |
| | 8 наурыз аналар мерекесі<br><br>«Сыйынар ем – Ана деген тәңірге» | 8 наурыз аналар мерекесіне орай сынып сағаттар өткізілді. Сонымен қатар мектепішілік «Сыйынар ем ана деген тәңірге!» атты мерекелік шара өткізілді. Шара барысында оқушылар аналарға арнаған өлеңдер мен ән -жырларын, күйлерін орындады. Шараға мектеп директоры Ж.Утебаева мектеп ұжымындағы ұстаздарды құттықтап, марапаттады. Өтілген шаралар «Сыйынар ем ана деген тәңірге!»мектептің әлеуметтік парақшаларына жарияланды. | https://www.instagram.com/p/CapAyDytm_i/?igshid=MDJmNzVkMjY= |  |
| | 14 наурыз - Амал мерекесі<br><br>«Нұр себеле ұлыстың мерекесі» | 14 наурыз - Амал мерекесіне орай! "Нұр себеле ұлыстың мерекесі» " атты мектепішілік шара өткізілді. Әр сынып өз дәрежесінде өткізді. дәстүрлері көрсетіліп, халық әндері мен күйлері орындалды. Әсерлі әңгімеге толы кештің жас ұрпаққа берген тәлімі мол болды. Шараға 1-11 сыныптар қатысты. Аталған іс-шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.Барлық оқушылар мен мұғалімдер ұлттық киіммен киініп, шараға белсенді қатысты. | https://www.instagram.com/tv/CYmJMk8I_Qv/?utm_medium=copy_link |    |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Менің Отаным – Қазақстан» , «Өз жеріңді таны» , «Табиғат бесігі» | 25.03. 22. күні «Мұражайға саяхат» жасап, «Жас өлкетанушылар» үйірмесінің жетекшісі А.Өсербаева оқушыларымен мектеп мұражаймен саяхат жасап, ондағы құнды мәліметтермен танысты. Оқушыларға мұражай ішіндегі мәліметтермен таныстыра отыра, ауылдан шыққан азаматтарымен таныстырып, олардың өмір жолдары айтылды. Алғашқы көмір шахтасында жұмыс жасаған аяулы аналарымыз туралы да айтылды.Алғашқы көмір шахтасына саяхат жасалды. | |   |
| **Отбасылық тәрбие** | | | | |
| | «Отбасы – өмір аясы» | қыркүйек айында отбасы күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Барлық сыныптарда «Отбасы – өмір аясы», «Отбасы құндылықтары» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сыныптар арасында сурет байқауы өткізіліп, жақсы суреттер аудандық байқауға жіберілді. Мектепішілік байқауға оқушылар қатысты.Оқушылар «Менің отбасым» тақырыбында бейнероликтер дайындап, әлеуметтік парақшаларда жариялады. Онда отбасылық альбомдардан фотосуреттер орналастырып, өз отбасыларын ерекше мақтан тұтатындықтарын көрсетті. Жоғары сынып оқушылары отбасы тақырыбында шығармалар жазып жолдады. «Отбасылық оқу» отбасымен кітап оқу сағаттары ұйымдастырылды. Шараға 5-сыныптан 7 оқушы қатысты. | https://shahta.edu.kz/kz/zhanalyktar/iswara?title=otbasyi_kunyi_merekesyi_198 |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Отбасы –бақыт мекені» | Отбасы күні: «Отбасы –бақыт мекені» , "Мен және менің отбасым", «Өз балаңа үлгі бол» (Ата-аналармен психологиялық тренинг) өткізілді. Мектеп психологы : Отебаева Асем. | https://www.instagram.com/tv/CZuS7zGu2q4/?utm_medium=copy_link |   |
| | «Мектеп өмірінің бір күні» | «Мектеп өмірінің бір күні» ата-аналардың қатысуымен «Ашық есік» күні өткізілді.Пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен ашық форматта өткізілді. « Ата- аналармен отбасында кездесу» (каникул кезіндегі сынып жетекшілер жұмысы болды). | <iframe src="https://www.facebook.com/plugins/post.php?href=https%3A%2F%2Fwww.facebook.com%2Fpermalink.php%3Fstory_fbid%3Dpfbid0PZQFPqmJNpT15n4bGXoNXB2AsPkCcDmnH96SsigXe12XaavWo9NSAapyeM2sWTbtl%26id%3D100011596277758&show_text=true&width=500" width="500" height="729" style="border:none;overflow:hidden" scrolling="no" frameborder="0" allowfullscreen="true" allow="autoplay; clipboard-write; encrypted-media; |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | picture-in-picture; web-share"></iframe> | |
| | «Ана-алақанының аясы, ақ шаңырақтың саясы» | «Ана- алақанының аясы, ақ шаңырақтың саясы» тақырыбында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: Ананы сыйлауға, құрметтеуге баулу. Анасы бар адамның ең бақытты бала екенін, отбасының бар жылуы анада екенін ұғындыру.<br>Қатысқан оқушылар саны: 1-11 сынып оқушылары. | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0XLJa1RgyA2n7Yx8jeqiKXUykgAmNnQKjJwKCSv8q1pjiFpqk6pkXN6nJnfwtDVwwl&id=100011596277758 |  |
